



ВТОРОЕ ЗАСЕДАНИЕ АЛЬЯНСА СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУЧНЫХ ИННОВАЦИЙ ШЕЛКОВОГО ПУТИ



В Астане 3-4 июля 2017 года по инициативе Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина прошло второе заседание Альянса сельскохозяйственного образования и научных инноваций Шелкового пути.

Пленарная сессия прошла в Министерстве сельского хозяйства РК с участием первого вице-министра сельского хозяйства РК К.Айтуганова, депутата Мажилиса



С.Омарханова, представителей Министерства науки и техники КНР, ведущих научных организаций и университетов региона Шелкового пути.

Основная часть мероприятий состоялась в КазАТУ им.С.Сейфуллина. В рамках форума прошли Совет ректоров Альянса, форумы «Сельскохозяйственное образование в странах Шелкового пути» и «Передовые инновации для аграрного сектора: общие проблемы и возможности их решения».

С докладом о перспективах развития аграрной науки выступил ректор КазАТУ им.С.Сейфуллина А.Куришбаев.

В своем выступлении он отметил: «Альянс сельскохозяйственного образования и научных инноваций Шелкового пути является уникальной, не имеющей аналогов платформой для трансферта технологий, обмена знаниями и опытом. В совокупности с другими механизмами сотрудничества, совместная деятельность членов Альянса позволит обмениваться сельскохозяйственными инновациями на территории, составляющей почти треть суши Земного Шара! Других объединений такого масштаба в мировой аграрной науке просто нет».

В ходе заседания был подписан Меморандум о вступлении в Альянс сельскохозяйственного образования и научных инноваций Шелкового пути еще 10 новых членов,



среди которых ВУЗы Китая, России, Турции и Казахстана. Таким образом, теперь в рядах Альянса состоят 86 членов из более 10 стран мира.

В рамках визита для иностранных гостей был организован торжественный концерт. Также делегация форума посетила международную выставку ЭКСПО-2017.

Форум такого масштаба проводился в Казахстане впервые. В его работе приняли участие ректора, руководители и ведущие ученые из 50 университетов и научных центров Республики Казахстан, Китайской Народной Республики, стран СНГ, Европейского Союза и Ближнего Востока.





ҚЫТАЙЛЫҚ ӘРІШТЕСТЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА ТҮСУДЕ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қытай Халық Республикасының Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылық университетімен бірлескен агротехникалық парк ашуға және қытайлық картоп өсіруші XISEN компаниясымен картоп өсіруге арналған тәжірибелік шаруашылық құруға келісім-шарт жасады. Келісім-шартқа ҚХР-ның Ауыл шаруашылық министрі Хань Чанфудың қатысуымен Астана қаласында өткен Қазақстан-Қытай аграрлық-инвестициялық форумда қол қойылды. Форум жұмысына екі жақтан бизнес, білім беру және ғылым саласының 100-ден астам өкілдері қатысты.



Қытай делегациясы сондай-ақ, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде ашылған бірлескен Қазақстан-Қытай биологиялық қауіпсіздік зертханасының іргетасын қалау салтанатына қатысты. Зертханада С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Харбин ветеринариялық зерттеу институты мен Шыңжаң аграрлық университетіндегі әріптестерімен



бірге жануарлар ауруы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Мұндай зерттеулер төрт түлік малды жаппай қырылудан сақтайды. Ис-шараға ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің вице-министрі Г.Исаева, ҚХР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Департамент директоры Ма Ю Цай, Харбин ветеринарлық зерттеу институтының профессоры Жигао Бу, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы А.Әбдіров, ҚазАТУ-нің профессорлары мен оқытушылары қатысты.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы А.Әбдіров өз сөзінде: «Зертхана мамандары жануарлар мен құстар ауруының алдын алып, азық-түлік пен мал өнімдерінің зертханалық зерттеуін жүргізеді. Ол Қазақстандағы мал ауруларын диагностикалау мен алдын алу және азық-түлік өнімдерін сынау саласындағы жетекші мекемелердің бірі болуға тиісті. Сонда біз Қытай елімен шекаралас аймақтардың биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, Қытайға шығарылатын ет экспортын ретке келтіреміз» - деді.

ҚХР Ауыл шаруашылық министрлігінің Департамент директоры Ма Ю Цай ғылым мен маман дайындау саласындағы тығыз ынтымақтастық байланыс үшін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне алғыс білдіріп, бұл жобаның екі ел үшін де маңызды екеніне тоқталды. Ол сондай-ақ, зертхана жұмысы екі ел арасындағы биологиялық және азық-түлік қауіпсіздігінің нығаюына елеулі үлес қосып, олардың ғылыми-экономикалық әлеуетін арттыратындығына сенім білдірді.

Зертхана Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында бекітілген Келісімді және Қытай Ауыл шаруашылық ғылымдар академиясы, Шыңжаң аграрлық университеті, Харбин ветеринариялық зерттеу институты мен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандумды іске асыру мақсатында құрылып отыр.



ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІ ЭКСПО КӨРМЕСІНДЕ ТҮР

Еліміздің экономикалық әлеуеті мен жарқын бейнесін бүкіл әлемге паш еткен халықаралық ЭКСПО–2017 көрмесінде ҚазАТУ ұжымы ғалымдарының да үлесі бар.

Ол – әйгілі көрменің қазақстандық павильонынан өзіне лайықты орын алған «Жылу энергетикасы» кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдарының докторы Диханбаев Баянды Ибрагимұлының техногендік қалдықтарды өңдеуге арналған арнайы қондырғысы. Қондырғы жиналған өндіріс қалдықтарынан барлық бағалы компоненттерді бөліп алуға мүмкіндік береді. Қоршаған орта тазалығын сақтап, табиғатқа кері әсер етпей, экологиялық тепе-теңдікті бұзбау – өндіріс орындары мен қайта өңдеуші кәсіпорындардың басты міндеті. Бұл әсіресе табиғи байлықтарымызды өндіріп, өңдеумен айналысатын ауыр өнеркәсіп орындарына тікелей қатысты.

Баянды ағамыз: «Қазақстандық өндіріс орындарында жиналған техногендік қалдықтар көлемі 20 миллиард тоннаға жуық. Әлемде әлі күнге дейін сол өндіріс қалдықтарын артық қуат көзін жұмсамай пайдаға асыра алатын технологиялар жасалған жоқ. Бар әдістер – тиімсіз» - дейді.

Қазақстан ғалымы қол жеткізген инновациялық жаңалық жетістігі – жану тәртібі өзгеріп отыратын жана балқыту тәсілі. Осы ғылыми табыс көмегімен Жер-Ана төсін өндіріс қалдықтарынан тазартып қана қоймай, қосымша өнім алуға болады. Ал бұл – дау жоқ, ЭКСПО – 2017 көрмесі көтерген «Жасыл экономика» жобасының негізгі бағыттарының бірі.



В преддверии юбилея

Сколько лет вы работаете в Казахском агротехническом университете им. С.Сейфуллина? Как начиналась Ваша трудовая деятельность?

В КазАТУ работаю с 1995 года. Свою педагогическую деятельность после окончания университета начала в 1993 году в Целиноградском Инженерно-Строительном институте в должности преподавателя. Затем аспирантура, старший преподаватель, доцент.

Какие правовые дисциплины ведутся на вашей кафедре?

«Основы права», «Основы экономики и права», «Основы антикоррупционной культуры», «Предпринимательское право», «Финансовое право», «Аграрно-таможенное право», «Земельное право», «Хозяйственное право», «Предпринимательское право и деловые отношения» и другие. Целью изучения правовых дисциплин является правовая информированность студентов, будущих специалистов, умение лавировать в законодательстве.

Что вы можете пожелать Университету в преддверии 60-летия КазАТУ?

Я бы пожелала университету больших достижений в сфере научной и образовательной деятельности, сохранение передовых позиций в рейтингах вузов Казахстана, а также успешной трансформации в научно-исследовательский университет в сфере аграрной науки.



КОЖАХМЕТОВА
Айгуль Есеновна
кандидат юридических наук,
доцент кафедры
экономической теории и права



О СПЕЦИАЛЬНОСТИ «КАДАСТР»

Среди многочисленных сельскохозяйственных специальностей Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, есть многоотраслевая специальность землеустроительного факультета, которая называется «Кадастр». Здесь ведется подготовка кадастровиков на уровнях бакалавриата и магистратуры.

В современных условиях существуют следующие виды кадастров, базирующихся на соответствующих мониторингах: земельный, водный, лесной, месторождений, особо охраняемых природных территорий, биоресурсов (в т.ч. животного и растительного мира, гидробионтов).

Кадастровые информационные системы являются не только государственными, но и географическими, так как источником сведений кадастров и мониторингов являются топографические карты, составляемые аэрокосмическими методами. Следует дополнить, что на территории населенных пунктов ведется градостроительный кадастр, а также кадастры отходов и захоронений. Сведения кадастров нужны не только для налогообложения, но и для работы Электронного Правительства, для охраны природы.


В курсе подготовки специалистов по кадастру профилирующими дисциплинами являются оценка земли и недвижимости, учет количества и качества земли, технология кадастровых работ, геодезия и картография, геоинформационные системы, изучение земельных отношений.

Кадастровая специальность является управленческой, так как она дает исходные данные для анализа, планирования, стимулирования, организации территории и контроля за использованием земли.

Помимо управленческой сущности кадастра нужно выделить его экономическую сущность, которая заключается в изучении земли, как фактора производства и как недвижимости (материального капитала). Поэтому земельные кадастры в современных условиях становятся системой изучения материального капитала, или земельно-имущественного комплекса. Технология всех кадастров единообразна.

Приглашаем выпускников школ нашей страны, желающих посвятить свою жизнь информационным системам кадастра, подать документы для поступления на специальность землеустроительного факультета.

*Акимов В.В., к.э.н., доцент кафедры «Кадастр»
выпускник 1963 г.*



Бітіруші жас түлек - 2017



Енді бізді үлкен өмір күтеді...

*Төрт жыл өтті, арындаган аттай боп,
Төрт жыл өтті, зымыраган оқтай боп,
Енді бізді үлкен өмір күтеді
Ал біз оған аттанамыз оттай боп!
Даңғыл жолға ұстаздарым бастаған,
Білім ордам бола білген баспанам,
60 жылды еңсердің сен, ҚазАТУ
Абыройың биік тұрған басқадан!
Өзгелерден білімімен озатын
Өзің жайлы мүмкін емес аз айту,
Мың рахмет, шарықтатқан шынарға
Мың рахмет, білім ордам – ҚазАТУ!!!*

*Есеібек Тогжан
«Биотехнология» мамандығының түлегі*



Мен ҚазАТУ-ды неге таңдаймын...



Сіз ҚазАТУ-ды таңдадыңыз ба талапкер?

Ия, мен ҚазАТУ-ды таңдадым. Есімім – Мекемтас Жания. Қазір құжаттарымды өткіздім. Енді, міне, бұйырса бүгіннен бастап мен ҚазАТУ-дың студентімін.

Құттықтаймын! Қай өңірден келдіңіз?

Мен өзім Алматы қаласынан келдім. Сол Алматыдағы Архитектуралық колледжін тамамдадым. Енді маман-дығымды әрі қарай жалғастырып оқу үшін бірден Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне келіп тұрмын.

Неліктен таңдауыңыз ҚазАТУ-ға түсті?

Біз Алматыда колледжді бітіруші түлектер арасында жоғары білім алу үшін қай оқу орынын таңдаймыз деген сауал туындады. Сол сәтте бізге оқытушыларымыз бен мұғалімдеріміз ҚазАТУ жайында көпдеген жақсы кеңестер берді. Оның ішінде «Сәулет өнері» менің алғашқы мамандығым болғандықтан еш ойланбастан осында келдім.

Себебі?

Себебі, бұл алпыс жылдық тарихы бар білім ордасының ғылыми потенциалы да жоғары. Естуімше ҚазАТУ-да білікті ұстаздар мен тәжірибелі мамандар дәріс оқиды екен. Мен үшін ең бастысы – білікті ұстазға шәкірт болу.



Сіз ҚазАТУ-ды таңдадыңыз ба талапкер?

Ия, мен де өзге де талапкерлер тәрізді осы ҚазАТУ-ды таңдап келіп отырмын. Есімім – Әшірбеков Нұрсұлтан Сансызбайұлы. Міне, құжаттарымды ІТ-мамандығына өткіздім.

Қай өңірден келдіңіз?

Мен – осы Астана қаласының тұрғынымын. Өз қаламызда осындай іргелі оқу орны тұрғанда басқа өңірге ат арылтып қайтемін? Оның үстіне мен қаламыздағы колледждердің бірін ІТ-мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Енді дос-трим тәрізді білімімді жоғарлатып, әрі терендей оқығанды жөн санаймын. Сол себепті С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін таңдадым.

Неліктен таңдауыңыз ҚазАТУ-ға түсті? Себебі дәл осы жерде білім сапасы өте жоғары деп естимін. Бұл оқу орны менің бала кезімнен бері көз алдымда. Әкем мені үнемі осы университеттің алдымен алып өтетін. Өтіп бара жатқанда сен ер жеткен соң осында білім алатын боласың, деп айтатын. Бәлкім менің және ата-анамның арманы орындалып жатқан болар.

ҚазАТУ жайында нақты кімдер кеңес берді?

Колледждегі ұстаздарымыз айтқан болатын. Және ҚазАТУда оқитын достарым мұнда түрлі лабораториялар бар деп қызықтырады. Сондықтан колледжді бітіре салып бірге оқыған үш дос

осы ҚазАТУ-ға келіп құжат өткізіп тұрмыз.

Рахмет, сәттілік тілейміз!

Рахмет!


Алғыс айтам мен саған универім!

Тарихына бір сәтке пейілі кең,
Саралап, көз жүгіртіп үңіліп ем.
Талай-талай жылдарды артқа тастап,
60-қа қадам бастың бүгін міне!

Отбасы басын қосқан бар адамның,
Ордасы білім деген замананың,
Бас иер саған әр кез құрметпенен
Қанаттарын қатайттың талай жанның.

Шындадың таланттарды бұл өмірге,
Жол салып болашаққа бәрі бірге.
Ардақты тәлімгерлер арқасында,
Көркейіп келеміз біз күннен күнге

Сәкен ата есімін беріп елім,
Тек өзіңе үмітпен артты сенім.
Жырға қосып әрқашан ҚазАТУ деп,
Алғыс айтам мен саған универім!



Қамар Алламергенова
КЖӘКББ факультетінің студенті



60 ЖАСЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«Микробиология және биотехнология» кафедрасының профессоры Айтбай Қабыкешұлы Бұлашев 2017 жылы шілде айының 10-ы күні мерейлі 60 жасқа толды. Айтбай Қабыкешұлы Бұлашев оқу орнымызда 1978 жылдан бастап ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді. Осы мерзімдер аралығында ол кафедра ассистенті лауазымынан бастап, университет ректоры лауазымдарына дейін атқарып, елімізге танымал ғалым, білім мен ғылымды шебер ұйымдастырушы тұлға, қоғам қайраткеріне дейінгі қалыптасу жолынан өтті. Айтбай Қабыкешұлы 2011 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін аталмыш кафедраның профессоры қызметін атқаруда. Оның қаламынан 215 ғылыми және оқу-әдістемелік еңбек жарық көрді. Олардың арасында 30-дан астам өнертапқыштық әзірлемелерге патенттер мен авторлық куәліктер, ҚР Білім және ғылым министрлігінің грифімен шыққан: «Мал дәрігерлік микробиология», «Ветеринария негіздері», «Микробиология» атты оқулықтары және «Моноклональные антитела в диагностике бруцеллеза» монографиясы және бірнеше оқу құралдары бар. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында әріптесіміз білім, ғылым, мәдениет және саясат мәселелері бойынша көпшілікке арналған 100-ге жуық мақалаларды жария етті.



А.Қ. Бұлашев еліміздің ветеринария және медицина ғылымдарының жаңа бағыты – иммунобиотехнология саласының негізін қалаушылардың бірі. Оның ғылыми мектебінен 12 ғылым кандидаты, бір философия докторы дайындалды. Қазіргі кезде оның ізбасарлары ҚР Ұлттық биотехнология орталығында және біздің университетімізде ғылымның аталмыш жас саласында белсенді түрде зерттеулер жүргізіп жатыр. Айтбай Қабыкешұлы Бұлашевтың шәкірттері бруцеллез, туберкулез, сибір жарасы, лептоспироз, құс тұмауы, эхинококкоз, описторхоз балауға арналған тиімділігі жоғары препараттар және азық-түлік тағамдарының құрамынан антибиотиктер мен антгельминтиктердің қалдықтық мөлшерін жедел түрде анықтауға арналған тест жүйелерін әзірледі.

Жасушалық инженерия тәсілдерінің негізінде туберкулез ауруының балауын жетілдіруге бағытталған ғылыми еңбектерінің жинағы үшін 2002 жылы оған академик А.И. Бараев атындағы Мемлекеттік сыйлық тапсырылды. Ағылшын тілін меңгерген ғалым «Science Review» атты ғылыми журналдың жарыққа шығуын ұйымдастырып, басылымның бас редакторы ретінде ғалымдарымыздың еңбектерін шет елдік әріптестеріне таныстыру мақсатында үлкен игі істер атқарды.

Айтбай Қабыкешұлы білім және ғылым саласына сіңірген ерен еңбегі үшін «Білім беру ісінің үздігі» (1997), «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» (2002), «Үлкен спорттың ізбасарларын даярлауға қосқан үлесі үшін» (2008) төс белгілерімен және «Құрмет орденімен» (2007), Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың алғысымен (2005, 2010), сонымен қатар «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) және «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» (2006), «Астана қаласына 10 жыл» (2008), «Республикалық Ұланға 15 жыл» (2009), «Академик А.И.Бараевтың туғанына 100 жыл» (2008), «СО Россельхозакадемияның 40 жылдығы» медалі (2009), «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011) және «Университеттің құрметті қызметкері» (2011) медальдарымен марапатталған. Ал 2014 жылы «ЖОО-ның Үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Сонымен қатар мерей той иесі – Ветеринарлық факультеттің тұңғыш аспиранты, факультет түлектерінің ішінде бірінші ғылым докторы және профессоры, А.И.Бараев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың алғашқы иегері, 1991 жылы АҚШ-дағы АШМ-ның Жануарлар ауруларының ұлттық институтының шақыруымен Целиноград ауыл шаруашылығы институтының биотехнология орталығының ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша алғаш рет презентация жасады (бұл қадам университетіміздің тарихында шетелдік ғылыми орталықтармен жасалған ынтымақтастықтың бастамасы ретінде белгіленген еді); ҚР көп салалы аграрлық жоғарғы оқу орындарындағы алғашқы мал дәрігер – ректор (мал дәрігері, академик З.К.Қожабеков зооветеринариялық институтты басқарған); өзі тәмамдаған жоғарғы оқу орнының ректоры болған тұңғыш қазақстандық түлек; көп тілді оқыту жүйесін енгізгенге дейін ағылшын тілінде пәндер курсы оқыған алғашқы оқытушы.

Құрметті Айтбай Қабыкешұлы ғылымдағы жетістіктеріңіз Сізді биік мәртебелі ғалым атақ-дәрежесіне жеткізсе, үздіксіз ізденіс пен қарымды қаламгерлігіңіз, тәрбие-тағылым берудегі үлгі-өнегеніз ұлағатты ұстаздыққа әкелді.

Бүгінгі мерейтойыңызда деніңізге саулық, отбасыңызға береке-бірлік пен бақыт, шығармашылық табыс тілейміз! Ғылымға сіңірген еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз жалғасын таба берсін!

Елеулі еңбегіңіздің жемісін теріп, өзіңіз қалап алған ғылым-білім жолында тынбай еңбек ете беріңіз! 60 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын!


*«Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы» факультеті
ұжымы және шәкірттері атынан*



КазАТУ

•

ВЧЕРА • СЕГОДНЯ



Қош келдің, Талапкер-2017!



Біз солтүстік және орталық Қазақстандағы ең ірі аграрлық және техникалық жоғары оқу орындарының бірі болып табыламыз.

Егер Сіз сұранымға ие, тұрақты табыс көзі болатын мамандық иегері атанғыңыз келсе – біздің есігіміз ашық! Өз тарихыңызды бізбен бірге жазыңыз – біздің 60 000-ға жуық түлектерден тұратын отбасымызға қосылыңыз, олардың қатарында Парламент депутаттары, жетекші кәсіпорындардың басшылары мен Қазақстан Республикасына танымал қоғам қайраткерлері бар.

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ 2017-2018 оқу жылына жоғары білім мамандықтары бойынша қабылдауды хабарлайды. Қабылдау күндізгі және сырттай оқу бөлімдері бойынша Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Студенттер ҰБТ және КТ нәтижесінде қабылданады. ҰБТ биылғы мектеп түлектері тапсырады. Кешенді тестілеуге өткен жылдың мектеп түлектері мен техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтар қатысады.

Оқудың толық нысанына түсетін талапкерлерге (4-5 жыл) тестілеу 5 пән бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі. Тестілеудің

міндетті пәндері: Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы, ал бейіндік пәндер талапкердің таңдаған мамандығына байланысты анықталады.



Жаши юбиляры

Булашев А.К. Профессор, д.н. Кафедра микробиологии и биотехнологии 10.07.1957г.

Сухинин А.А. Преподаватель Военная кафедра 07.07.1947г.

Омаркулов К.А. Доцент, д.н. Кафедра информационных систем 11.07.1947г.

Асиров Б.У. Старший преподаватель, к.н. Кафедра маркетинга и сервиса 09.07.1967г.

Науанова А.П. Профессор, д.н. Кафедра почвоведения и агрохимии 21.07.1967г.

Хамзина З.Б. Ассистент Кафедра иностранных языков 24.07.1967г.

Поздравляем вас с юбилеем!

От всей души желаем вам крепкого здоровья, творческого долголетия, счастья, добра и благополучия, новых добрых дел и интересных плодотворных идей!



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының директоры - Б. Иманғалиев,
шығарушы редакторы - Б. Хабай, Дизайн және беттеуші - Ж. Төлеуханқызы,
редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,
Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.
Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.
Редакция авторлардың материалдарын редакциялауға немесе қысқартуға құқылы.